

*«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол
созсаң қарсы алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай»*

Сократ



“ФИЗИКА САБАҒЫНДА КЕМБРИДЖ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ”



- **Қазіргі кезде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мектеп оқушыларының ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайына пайдалана білуге үйрету қажеттілігін туғызады. Осыған орай ҚР жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курсына қатыстырып, білім берудегі Кембридж тәсілі бойынша Бағдарламаны меңгертуде.**

- **Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұны 7 модуль түрінде берілген:**

- 1) Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.**
- 2) Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.**
- 3) Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.**
- 4) Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.**
- 5) Талантты және дарынды балаларды оқыту.**
- 6) Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.**
- 7) Білім берудегі басқару және көшбасшылық.**

Сабақтың технологиялық алгоритмі

Сабақтың үш кезеңі



Бірінші кезең
Қызығу-
шылықты
ояту

Екінші кезең
Мағынаны
ашу

Үшінші кезең
Ой толғанys

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

Оқушыларды танымдық процеске жұмылдырады, өздеріне бар білімді, әсерді, сезімін өзектендіреді (актуалдандырады) қызығушылығын оятады, оқушыларды оқытуға жағдай тудыратын білім құмарлық атмосфера жасалынады.

Мұғалімнің әрекеті

Қойған мақсатына дайын болуы керек, бұл кезеңде оқушылардың тақырып бойынша білетінін еске түсіруге, ұмтылдыру, топтарда жанжалсыз ойлармен алмасуға мүмкіндік беру,

Оқушы әрекеті

Ойланады, болжайды, жаңа тақырыптың мақсатын анықтайды, болашақта ізденуіне стимул болады.

*“Қызығушылықты ояту” бірінші кезеңі
келесі қызметтерді жүзеге асырады.*

Дәлелдеме (мотивациялық) тақырыпқа, жаңа ақпаратқа қызығушылықты ояту; Ақпараттық бар білімді актуалдандыру және жүйелеу; Сындарлы қарым-қатынас, байланыс (коммуникативті) жанжалсыз ой алмасу; Мақсат қою зерттелетін тақырыптың мақсатын анықтау

Мағынаны тану

Дәл осы міндет оқу процесінің мазмұнды түсіну кезеңінің негізгісі болады.

Мұғалім әрекеті :

1. Жаңа ақпараттың тікелей көзі. Бұл жағдайда ол жаңа ақпаратты түсінікті әрі қызықты етіп жеткізе білуі керек.
2. Егер оқушылар мәтінмен жұмыс жасап жатса, мұғалім олардың мәтінді оқу барысындағы белсенділігін, ынтасын қадағалайды.
3. Мәтінмен жұмысты ұйымдастыруда ойланып оқуды және оқығанды талдау үшін мұғалім әртүрлі әдістерді қолданады.

Оқушы әрекеті :

1. Жаңа ақпаратпен танысады.
2. Жаңа ақпаратты өзінде бұрыннан бар біліммен, тәжірибемен байланыстырады.
3. Пайда болған сұрақтар мен қиындықтарға жауап іздейді
4. Түсінбеген жерлерге көңіл бөледі, жаңа сұрақтар қояды,
5. Жаңа ақпаратпен танысу процесін бақылайды, өздерінің көңілдерін не аударып тұрғанын аңғарады.
6. Естіген және оқыған мәліметтерді талдауға және сараптауға дайындалады

Рефлексия (толғанys)

Рефлексия үрдісінде игерілген жаңа білім-өз біліміне айналады.

Мұғалімнің әрекеті :

Жаңа тақырыпты жинақтату, жүйелеу, оған баға беру, оқу материалына өзіндік көзқарасын қалыптастыру, оқу қызметінің жаңа мақсаттарын қою

Оқушы әрекеті :

Оқушылар өз ойларын айқын тұжырымдайды, өз жолдастарымен мұғаліммен қарым-қатынас жасай алады және жаңа ақпарат пен өз білімінің толығын тексере алады, яғни ой толғанys ойды мұқият таразылауға, бағалауға, таңдауға болжай білуге үйретеді.